

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ  
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ  
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

2023ж.29.05.№07-3-03/469

Қазақстан республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары

Е.С. Бейсенбаевқа  
М.А. Абеновке  
Е.Т. Әбдиевке  
Ж.С.Әшімжановқа  
Н.А. Сәрсенғалиевқа  
С.М. Пономаревке  
И.В. Смирноваға  
Д.Т. Мұқаевқа  
Н. Тауға

10.05.2023ж. №ДС-148  
депутаттық сауалға

**Құрметті Парламент Мәжілісінің депутаттары!**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) интернет алаяқтық фактілеріне қатысты 10.05.2023 ж. №ДС-148 депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Цифрландыру мен қашықтан көрсетілетін қызметтердің дамуымен бірге тұтынушылық кредиттеу нарығында азаматтарға жалған қарыздарды алаяқтық жолмен ресімдейтін алаяқтар да жанданды.

Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында 2021 жылдан бері Агенттік қарыз алушыларды идентификаттау рәсімдерін күшейту және онлайн микрокредиттер беру кезінде кредиторлардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

2021 жылғы наурыздан бастап Агенттік барлық микроқаржы ұйымдарын (бұдан әрі – МҚҰ) микрокредиттер беру кезінде клиенттің шынайылығын нақты

тексеруді және растауды, оның деректерін өтінімде көрсетілген деректермен салыстыруды, клиенттің нақты биометриялық деректерінің жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ клиенттің микрокредит алуға білдірген еркін тіркеуге міндеттеді.

Осылайша, алаяқтыққа жол бермеу және микроқаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғау үшін Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 63 қаулысымен онлайн микрокредиттер беру кезінде қарыз алушыларды идентификаттаудың жаңа тәртібі енгізілді. Енді микрокредитті қашықтан алу үшін қарыз алушыны мына үш тәсілдің бірімен идентификаттау жүргізіледі:

- 1) электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы;
- 2) ҰБ ҚБЕО ИДАО<sup>1</sup> сервисін пайдалана отырып қарыз алушының биометриялық өлшемдеріне сәйкестігі;
- 3) қарыз алушының жеке деректерін және бейнесін нақты уақыт режимінде екі факторлы тексеру арқылы.

Бүгінгі таңда ҚБЕО ИДАО жүйесіне микрокредиттерді электрондық тәсілмен беруді жүзеге асыратын барлық МҚҰ қосылған.

Агенттік басқа адамға микрокредит ресімдеумен байланысты тәуекелдерді азайту үшін Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №108 қаулысымен мобильді байланыс операторларының деректерімен салыстыру арқылы өтініш берушіні аутентификаттаудың қосымша тәсілдерін енгізді.

Азаматтардың құқықтарын жалған кредиттерден қорғау мақсатында Агенттік МҚҰ үшін алаяқтық микрокредит бойынша сыйақы есептеуді тоқтата тұру және талап-арыз жұмысын тоқтату бойынша талаптар енгізді. қарыз алушылар ресімделген жалған микрокредиттер бойынша олардың берешегін сот шешімінің негізінде есептен шығару бойынша МҚҰ-ға қойылатын талап нормативтік түрде белгіленді.

2022 жылдан бастап Агенттікке жеке тұлғалардың **132 жолданымын** және ішкі істер органдарының **26 ұсынымын** қоса алғанда, үшінші тұлғалардың жалған микрокредиттерді ресімдеуі мәселелері бойынша **158 жолданым** келіп түсті.

Агенттік барлық жолданым бойынша құжаттамалық тексерулер тағайындады, олардың қорытындысы бойынша **9 МҚҰ** бойынша жазбаша нұсқамалар түрінде шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды.

МҚҰ **46 микрокредит** бойынша **4,5 млн теңге** сомаға заңсыз берешекті есептен шығарды, сондай-ақ кредиттік тарихқа түзету жүргізілді. **23** микрокредит бойынша тергеу аяқталғанға дейін және клиенттің микрокредит алмау фактісін растайтын сот шешімін алғанға дейін сыйақы есептеу және шағым-талап жұмыстарын жүргізу тоқтатылды.

Азаматтарды алаяқтардан қорғауды арттыру мақсатында Агенттік кредиттік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін іске асыру жөніндегі жол картасын әзірледі (Премьер-Министрдің орынбасары Е.К. Жамаубаев

---

<sup>1</sup>Ұлттық Банктің қазақстанның банкаралық есеп айырысу орталығының Идентификаттау деректерін алмасу орталығы

2023 жылғы 28 сәуірде №12-01/1150-3//23-63-8.18-5 бекіткен).

Жол картасы аясында:

1) қаржы ұйымдарымен алаяқтық операциялар және осындай операцияларға тартылған адамдар бойынша деректер ақпарат алмасу үшін Антифрод-орталық құру;

2) алаяқтық белгілері анықталған кезде клиенттің өтініші бойынша ақшаға қолжетімділікті тоқтату тәртібін әзірлеу;

3) кредиттік алаяқтықты, жалған шопингті немесе өзге де заңсыз қызметті анықтаудың онлайн жүйесінің болуы бойынша кредиттік бюроға қойылатын талаптарды белгілеу;

4) жеке тұлғаларға берілген онлайн қарыздар туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде кредиттік бюроларға беру жөніндегі талаптарды белгілеу;

5) банктерге және МҚҰ-ға онлайн кредит алуға өтінімнің келіп түскені, сондай-ақ онлайн кредитті ресімдеуге оның растамасын алғаннан кейін ғана клиенттің шотына ақша аудару мүмкіндігі туралы клиентті хабардар ету бойынша талаптарды енгізу;

б) онлайн режимде микрокредиттер беру кезінде қаржы ұйымдарының мобильді қосымшаларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды арттыру көзделген.

Сонымен қатар, Агенттік бірінші рет кірген, құпиясөзді өзгерткен және қарыз алған кезде міндетті болатын биометрияны енгізді, қосымшаның жұмыс істеу қауіпсіздігінің бұзылу белгілері анықталған кезде мобильдік құрылғыны қол жеткізу құқықтарының бұзылу белгілерінің болуы немесе қашықтан басқару және функционалды бұғаттау процесінің болуы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырды.

## **1. Egov арқылы онлайн-микрокредиттер ресімдеуге тыйым салуды енгізуге қатысты**

Электрондық үкіметтің порталы арқылы азаматтарға **онлайн-микрокредиттер ресімдеуге** тыйым салу тетігін енгізу жөніндегі депутаттардың ұсыныстарын іске асыру мақсатында, Агенттік заңнамалық актілерге төмендегілерді көздейтін түзетулер әзірледі:

1) жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуын белгілеу құқығын бекіту. Бұл сервис «электрондық үкіметтің» веб-порталында және «eGov Mobile» мобильдік қосымшасында іске асырылатын болады;

2) банктер мен микроқаржы ұйымдарына қарыз алушының кредиттік тарихында кредит алудан ерікті түрде бас тарту туралы ақпарат болған кезде жеке тұлғаға кредит беруге тыйым салу енгізу;

3) кредит ресімдеуге тиісті тыйым болған кезде жеке тұлғаны берілген кредит бойынша міндеттемелерді орындаудан босату.

Заңнамалық түзетулер блогы қаржы нарығына қатысушылармен келісілген және қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен келісу рәсімінен өтуде.

## **2. Қаржы пирамидаларын мониторингтеуге және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысты.**

2021 жылдан бастап Агенттік басқа мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен (Бас прокуратурамен (бұдан әрі – БП), Ішкі істер министрлігімен (бұдан әрі – ІІМ), Қаржылық мониторинг агенттігімен (бұдан әрі – ҚМҚ), Ұлттық Банкпен, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Білім министрлігімен, Сыртқы істер министрлігімен, Әділет министрлігімен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі – ЖАО) бірлесіп, қаржы пирамидаларының қызметіне және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөнінде іс-шараларды жүзеге асыруда.

Мысалы, 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 85-тармағын орындау мақсатында БП мемлекеттік органдармен бірлесіп Алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022 жылға арналған бірлескен іс-шаралар кешенін әзірледі.

1) 2021 жылдан бастап халыққа жосықсыз қызмет белгілері бар ұйымдардың қызметі мен интернет жобалар туралы алдын ала ескерту шеңберінде Агенттіктің ресми сайтында азаматтардан және кепілдендірілген кірісті (мүліктік пайданы) төлеуге уәде берген, оның ішінде әрекеттеріне азаматтардың ҚНРДА-ға шағымдары келіп түскен ұйымдардан ақша тарту жөніндегі қызмет белгілері бар тұлғалардың\* тізімі<sup>2</sup> жарияланды.

Тізім жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын қарау және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл негізінде қалыптастырылды. Қазіргі уақытта көрсетілген тізімге **235** субъект енгізілді.

2) Сондай-ақ, қаржы пирамидалары белгілері бар субъектілердің қызметін жедел тергеу және жолын кесу мақсатында Агенттік құқық қорғау органдарымен бірлесіп **39** белгіден тұратын, қаржы пирамидалары белгілерінің тізбесін бекітті.

Агенттік бекіткен белгілердің негізінде 2022 жылдан бастап әлеуметтік желілер мен интернеттің мерзімді мониторингінің қорытындысы бойынша **175** күмәнді ұйымдар мен адамдар анықталып, олар бойынша материалдар ІІМ-ге берілді.

3) Қаржы пирамидаларының белгілері бар ұйымдар туралы халыққа ескерту шеңберінде азаматтардың ҚМА алаңында ұйымның БСН енгізу арқылы қаржы пирамидаларының белгілерінің бар-жоғын тексеруіне мүмкіндік беру үшін Telegram-бот әзірленіп, іске қосылды. Бұл рәсім қылмыстық істер бойынша ҚМА және ІІМ тізілімдеріндегі ұйымды Агенттіктің қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар тізілімдерімен және жоғарыда көрсетілген Тізіммен салыстыру жолымен жүзеге асырылады.

## **3. Әлеуметтік желілерге кешенді мониторинг жүргізуге және интернет ресурстарды бұғаттауға қатысты**

<sup>2</sup> <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/318075?lang=ru>

Әлеуметтік желілерге кешенді мониторинг жүргізу және алаяқтық мақсатта онлайн-жарнаманы пайдаланатын топтарды бұғаттау үшін ПМ мен ҚМА «Киберқадағалау» кешені жұмыс істейді.

2022 жылы қаржылық алаяқтардың жарнамалық қызметі бар **13 мыңнан** астам веб-парақтар мен аккаунттар бұғатталды, интернет алаяқтық белгілері бар **165** сайттың жұмысы тоқтатылды. «Жалған» нөмірлерден **5,5 млн** қоңырау бұғатталды.

Сонымен қатар ҚМА-ның ақпаратына сәйкес қаржы пирамидаларының белгілері бар аккаунттарға жазылушыларды анықтауға мүмкіндік беретін талдау жүйесі енгізілді, бұл нысаналы аудиториямен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын мақсатты түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2023 жылғы 1-тоқсанда **23 мың** азаматқа ескерту хабарламалары жіберілді, оның **90%-ы (21 мың)** күдікті аккаунттардан бас тартты.

**АҚДМ Ұлттық ақпараттық кеңістікті автоматтандырылған мониторингтеу** жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) арқылы заңнаманы бұзу белгілері бар материалдарды анықтау және тіркеу үшін БАҚ-қа, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге, теледидарға, газет пен радиоға мониторингтеуді жүзеге асыратынын қосымша атап өтеміз.

Ол үшін мемлекеттік органдар қаржы пирамидаларын жарнамалауда қолданылатын 800-ден астам негізі негізгі сөздердің, сөз тіркестерінің (*сілтемелер, материалдың мазмұны және т.б.*) тізімін жасап, қаржы пирамидаларын анықтау бойынша жасанды интеллект алгоритмдерін кейіннен іске асыру үшін АҚДМ-ға жолдады.

2022 жылы АҚДМ бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін мониторингтеу арқылы қаржы (инвестициялық) пирамида қызметінің белгілері бар **2 846** бұзушылық анықталды.

Барлық бұзушылықтар бойынша уәкілетті орган **13** ұйғарым шығарды, олар бойынша Қазақстан Республикасының аумағында **238** интернет-ресурстар мен сілтемелерді таратуға шектеу қойылды, сондай-ақ заңға қайшы **2 608** материалды жою бойынша шаралар қабылдау үшін интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер әкімшіліктерінің атына **153** хабарлама сипатындағы хат жолданды.

2023 жылғы 1 қаңтар – 29 мамыр аралығындағы кезеңде АҚДМ бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін мониторингтеу арқылы қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметінің белгілері бар **3 337** бұзушылық анықталды.

Барлық анықталған бұзушылықтар бойынша уәкілетті орган **6** ұйғарым шығарды, олар бойынша Қазақстан Республикасының аумағында **88** интернет-ресурстар мен сілтемелерді таратуға шектеу қойылды, сондай-ақ заңға қайшы **3 249** материалды жою бойынша шаралар қабылдау үшін интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер әкімшіліктерінің атына **115** хабарлама сипатындағы хат жолданды.

**Төрағаның міндетін атқарушы**

**Н. Әбдірахманов**

*Орын.: Мұстафа К.А.  
тел.: 8(727)237-1111 (ішкі 6927)*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ  
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ  
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

29.05.2023г.№07-3-03/469

Депутатам  
Мажиліса Парламентa  
Республики Казахстан

Е.С. Бейсенбаеву  
М.А. Абенову  
Е.Т. Абдиеву  
Ж.С. Ашимжанову  
Н.А. Сарсенғалиеву  
С.М. Пономареву  
И.В. Смирновой  
Д.Т. Мукаеву  
Н. Тау

*На депутатский запрос  
от 10.05.2023г. №ДС-148*

**Уважаемые Депутаты Мажиліса Парламентa!**

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство), рассмотрев депутатский запрос №ДС-148 от 10.05.2023г. касательно фактов интернет мошенничества, сообщает следующее.

С развитием цифровизации и дистанционных сервисов на рынке потребительского кредитования активизировались мошенники, которые обманым путем оформляют фиктивные займы на граждан.

В целях противодействия интернет-мошенничеству, с 2021 года Агентством проводится систематическая работа по усилению процедур идентификации заемщиков и обеспечения информационной безопасности кредиторов при выдаче онлайн микрокредитов.

С марта 2021 года Агентство обязало все микрофинансовые организации (далее – МФО), при выдаче микрокредитов, обеспечить фактическую проверку и подтверждение подлинности клиента, сверку его данных с данными, указанным в заявке, соответствие фактических биометрических данных клиента данным, указанным в документах, удостоверяющих личность, а также фиксировать волеизъявление клиента на получение микрокредита.

Так, для недопущения мошенничества и защиты потребителей микрофинансовых услуг постановлением Правления Агентства от 30 апреля 2021 года №63 введен новый порядок идентификации заемщиков при выдаче онлайн микрокредитов. Теперь, для удаленного получения микрокредита проводится идентификация заемщика одним из трех способов:

- 1) посредством электронно-цифровой подписи;
- 2) соответствия биометрическим параметрам заемщика с использованием сервиса ЦОИД КЦМР НБ<sup>1</sup>;
- 3) посредством двухфакторной проверки персональных данных и изображения заемщика в режиме реального времени.

На сегодня к системе ЦОИД КЦМР подключены все МФО, осуществляющих выдачу микрокредитов электронным способом.

Дополнительно для снижения рисков, связанных с оформлением микрокредита на другое лицо, Агентством постановлением Правления Агентства от 13 декабря 2021 года №108 введены дополнительные способы аутентификации заявителя путем сверки с данными операторов мобильной связи.

В целях защиты прав граждан от фиктивных кредитов, Агентством введены требования для МФО по приостановлению начисления вознаграждения по мошенническому микрокредиту и прекращению претензионно – исковой работы. Нормативно установлено требование к МФО по списанию задолженности заемщиков по оформленным на них фиктивным микрокредитам на основании решения суда.

С 2022 года в Агентство поступило **158 обращений** по вопросам оформления третьими лицами фиктивных микрокредитов, включая **132 обращения** физических лиц и **26 представлений** органов внутренних дел.

Агентством по всем обращениям были назначены документальные проверки, по итогам которых по **9 МФО** были применены ограниченные меры воздействия в виде письменных предписаний.

МФО по **46 микрокредитам** списана незаконная задолженность на сумму **4,5 млн тенге**, а также проведена корректировка кредитной истории. По **23 микрокредитам** приостановлено начисление вознаграждения и проведение претензионно-исковой работы до завершения расследования и получения судебного решения, подтверждающего факт неполучения клиентом микрокредита.

---

<sup>1</sup>Центра обмена идентификационными данными Казахстанского центра межбанковских расчетов Национального Банка



В целях повышения защиты граждан от мошенников, Агентством разработана Дорожная карта по реализации механизмов противодействия кредитному мошенничеству (утверждена Заместителем Премьер-Министра Жамаубаевым Е.К. 28 апреля 2023 года №12-01/1150-3//23-63-8.18-5).

В рамках Дорожной карты предусмотрено:

1) создание Антифрод-центра для информационного обмена с финансовыми организациями данными по мошенническим операциям и лицам, вовлеченным в такие операции;

2) разработка порядка заморозки доступа к деньгам по заявлению клиента при выявлении признаков мошенничества;

3) установление требований к кредитным бюро по наличию онлайн системы выявления кредитного мошенничества, мнимого шоппинга или иной незаконной деятельности;

4) установление требований по предоставлению в кредитные бюро в режиме реального времени информации о выданных онлайн займах физическим лицам;

5) введение требований к банкам и МФО по уведомлению клиента о поступлении заявки на получение онлайн кредита, а также возможности зачисления денег на счет клиента только после получения его подтверждения на оформление онлайн кредита;

б) повышение требования к безопасности мобильных приложений финансовых организаций при предоставлении микрокредитов в режиме онлайн.

В то же время Агентством введена обязательная биометрия при первом входе, изменении пароля и получении займа, осуществление проверки мобильного устройства на признаки нарушения прав доступа или наличия процесса удаленного управления и блокировки функционала при выявлении признаков нарушения безопасности работы приложения.

## **1. Касательно внедрения запрета на оформление онлайн-микрокредитов через Egov.**

В целях реализации предложений депутатов по внедрению механизма запрета гражданами **оформления онлайн-микрокредитов** через портал электронного правительства, Агентством разработаны поправки в законодательные акты, предусматривающие:

1) закрепление права физического лица на установление добровольного отказа от получения банковских займов и микрокредитов. Данный сервис будет реализован на веб-портале «электронного правительства» и в мобильном приложении «eGov Mobile»;

2) введение запрета для банков и микрофинансовых организаций на предоставление кредита физическому лицу при наличии в кредитной истории заемщика информации о добровольном отказе от получения кредита;

3) освобождение физического лица от исполнения обязательств по кредиту, выданного при наличии соответствующего запрета на оформление кредита.

Блок законодательных поправок согласован с участниками финансового рынка и в настоящее время проходит процедуру согласования с заинтересованными государственными органами.

## **2. Касательно проведения мероприятий по мониторингу и противодействию финансовым пирамидам.**

С 2021 года Агентство совместно с другими государственными и правоохранительными органами (Генеральной прокуратурой (далее – ГП), Министерством внутренних дел (далее – МВД), Агентства по финансовому мониторингу (далее – АФМ), Национальным Банком, Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, Министерства информации и общественного развития, Комитета национальной безопасности, Министерства образования, Министерства иностранных дел, Министерства юстиции, а также местными исполнителями органами (далее - МИО), осуществляются мероприятия по противодействию деятельности финансовых пирамид и мошенничества.

Так, в 2021 году во исполнение пункта 85 Общенационального плана мероприятий по реализации послания Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2021 года, утвержденного Указом Президента Республики Казахстан №659 от 13 сентября 2021 года, ГП совместно с государственными органами был разработан Комплекс совместных мероприятий по противодействию мошенничествам и финансовым пирамидам на 2022 год.

1) С 2021 года в рамках превентивного предупреждения населения о деятельности недобросовестных организаций и интернет проектов на официальном сайте Агентства опубликован список<sup>2</sup> лиц\*, имеющих признаки деятельности по привлечению денег от граждан и организаций, с обещанием выплаты гарантированного дохода (имущественной выгоды), в том числе на действия которых в АРРФР поступали жалобы граждан.

Список сформирован на основе рассмотрения обращений и жалоб физических и юридических лиц и взаимодействия с государственными органами. В настоящее время в указанный список внесен **235** субъект.

2) Также, в целях оперативного расследования и пресечения деятельности субъектов с признаками финансовых пирамид Агентством совместно с правоохранительными органами утвержден перечень признаков финансовых пирамид, содержащий **39** признаков.

На основе утвержденных признаков Агентством по итогам периодического мониторинга социальных сетей и интернета с 2022 года были выявлены и переданы материалы в МВД по **175** сомнительным организациям и лицам.

3) В рамках предупреждения населения об организациях имеющих признаки финансовых пирамид, на площадке АФМ был разработан и запущен Telegram бот для предоставления возможности проверки гражданами организации на признаки финансовых пирамид посредством ввода БИН

---

<sup>2</sup> <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/318075?lang=ru>

организации. Данная процедура осуществляется путем сверки организации в реестрах АФМ и МВД по проводимым уголовным делам и Реестрах Агентства организаций, имеющих лицензию на осуществление деятельности на финансовом рынке и в вышеуказанном Списке.

### **3. Касательно проведения комплексного мониторинга социальных сетей и блокировки интернет ресурсов.**

Для проведения комплексного мониторинга социальных сетей и блокировки групп, использующие онлайн-рекламу в мошеннических целях МВД и АФМ действует комплекс «Кибернадзор».

За 2022 год были заблокированы более **13 тыс.** веб-страниц и аккаунтов с рекламной деятельностью финансовых мошенников, пресечена работа **165** сайтов, имеющих признаки интернет мошенничества. Заблокировано **5,5 млн** звонков с «подменных» номеров.

Дополнительно, согласно информации АФМ, внедрена аналитическая система, позволяющая установить подписчиков аккаунтов с признаками финпирамид, которая дает возможность целенаправленно проводить информационно-разъяснительную работу с целевой аудиторией. В результате за 1 квартал 2023 года направлены предупреждающие оповещения **23 тысячам** граждан, из которых **90% (21 тысяча)** отписались от подозрительных аккаунтов.

Дополнительно отмечаем, что МИОР посредством Системы **автоматизированного мониторинга национального информационного пространства** (далее - Система), которая осуществляет мониторинг СМИ, социальных сетей и мессенджеров, телевидения, газет и радио для выявления и фиксации материалов, содержащих признаки нарушения законодательства.

Для этого государственными органами был составлен список из более 800 ключевых фраз, словосочетаний (*ссылки, содержание материала и т.д.*), используемых в рекламе финансовых пирамид и направлен в МИОР для последующей реализации алгоритмов искусственного интеллекта по выявлению финансовых пирамид.

За 2022 год МИОР посредством мониторинга продукции средств массовой информации, выявлено **2 846** нарушений с признаками деятельности финансовой (инвестиционной) пирамиды.

По всем нарушениям уполномоченным органом было вынесено **13** предписаний, по которым ограничено к распространению на территории Республики Казахстан **238** интернет-ресурсов и ссылок, а также направлено **153** письма уведомительного характера в адрес администраций интернет-ресурсов и социальных сетей для принятия мер по удалению **2 608** противоправных материалов.

В период с 01 января по 29 мая 2023 года МИОР посредством мониторинга продукции средств массовой информации выявлено **3 337** нарушений с признаками деятельности финансовой (инвестиционной) пирамиды.

По всем выявленным нарушениям уполномоченным органом вынесено **6** предписаний, по которым ограничено к распространению на территории

Республики Казахстан **88** интернет-ресурсов и ссылок, а также направлено **115** писем уведомительного характера в адрес администраций интернет-ресурсов и социальных сетей для принятия мер по удалению **3 249** противоправных материалов.

**И.о. Председателя**

**Н. Абдрахманов**

*Исп.: Мустафа К.А.  
тел.: 8(727)237-1111 (вн.6927)*

Қазақстан Республикасы  
қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігі

Агентство Республики Казахстан  
по регулированию и  
развитию финансового рынка

БҰЙРЫҚТАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

ВЫПИСКА ИЗ ПРИКАЗА

Алматы қаласы

№ 26-ші

2023 жылғы 25 мамыр

4. 2023 жылғы 29 - 31 мамыр аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының міндеттерін атқару Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының Бірінші орынбасары Н.А. Абдрахмановқа жүктелсін.

Негіз: Агенттік Төрағасының қызметі басқармасының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 15-0-19/84 қызметтік жазбасы.

Төраға



М. Әбілқасымова

Үзінді дұрыс  
Выписка верна:  
ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі  
Адам капиталын дамыту департаментінің бас маманы  
Главный специалист Департамента развития человеческого капитала  
Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка  
М. Килибаева